

31 Наурыз
Сейсенбі,
2026 жыл

uil-gazet@mail.ru
Kokjar_tynysy

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

ОЙЫЛДА ЖАҢА МЕКТЕП ПЕН БАЛАБАҚША АШЫЛДЫ

ӨТКЕН АПТАНЫҢ СОҢЫНДА АУДАНДА 320 ОРЫНДЫҚ ЗАМАНАУИ МЕКТЕП ПЕН 150 ОРЫНДЫҚ «БАЛБҰЛАҚ» БАЛАБАҚШАСЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ. ЖАҢА МЕКТЕП ПЕН БАЛАБАҚША АУДАН ОРТАЛЫҒЫНЫҢ КҮН БАТЫС БЕТКЕЙІНДЕ ОРНАЛАСҚАН. ОЙЫЛДЫҚТАРДЫ ҚОС ҚУАНЫШЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙ КЕЛГЕН ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ АСЫЛБЕК ЕСЕНБАЕВ, АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ БҰЛБҰЛ КҮЗЕМБАЕВАЛАР БІЛІМ МЕН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ БЕРУ НЫСАНДАРЫНЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫНА ҚАТЫСТЫ.



Алдымен мектептің ашылу салтанатында аудан әкімі Асқар Қазыбаев жаңа нысанның маңыздылығына тоқталып, ізгі тілегін жеткізді. Сонымен қатар, «Ойыл ауданының құрметті азаматы» Ғазиз Займолда ақсақал тұрғындар атынан сөз сөйлеп, жүрежарды ризашылығын білдірді. Ол жаңа білім ордасының ашылуын ел игілігіне жалған зор қамқорлықтың айқын көрінісі ретінде атап өтіп, бұл игі істің ауыл тұрғындарына үлкен қуаныш сыйлағанын тебірене жеткізді. Ақсақал өз сөзінде ұрпақ болашағына салынған бұл нысанның мәні терең екенін айтып, игі бастамаларға ауыл халқының шынайы алғысын арнады. Жоба 2024 жылы басталып, қысқа мерзімде «Интер Стиль» компаниясы тарапынан жүзеге асырылды. Кешен орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған және заманауи талаптарға толық сай жабдықталған. Олардың қатарында жаңа модификациялық физика, химия, биология және лингафон кабинеттері бар.

Сонымен қатар, ер балаларға және қыз балаларға арналған арнайы шеберханалар жабдықталған. Салтанатты жиында сөз сөйлеген облыс әкімінің орынбасары ауылдық жерлерде білім сапасын арттыру – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екенін атап өтті. «Бұл – Ойыл жұртшылығы үшін маңызды оқиға. Жаңа білім ордасы елге қызмет ететін білімді ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосады деп сенеміз», – деді Асылбек Есенбаев. Іс-шара барысында мердігер ұйым өкілі мектеп директорына нысанның символикалық кілтін табыстады. Ауыл ақсақалдары бата беріп, шашу шашылды. Мерекелік бағдарлама аясында Ойыл балалар музыка мектебінің өнерпаздары өнер көрсетіп, патриоттық әндер шығарды. Шара соңында қонақтар жаңа білім беру кешенін аралап, оның материалдық-техникалық базасымен танысты. Іс-шара соңында ел игілігі үшін бой көтерген жаңа нысан аумағында ағаш отырғызу рәсімі ұйымдастырылды. Бұл игі бастама республикалық «Таза Қазақстан» эколо-



гиялық акциясымен үндесіп, қоршаған ортаны қорғау мен көгалдандыру мәдениетін қалыптастыруға бағытталды. Жаңа білім ордасы – болашақ ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беретін, ел ертеңінің іргетасы қаланатын қасиетті мекен. 150 орындық заманауи «Балбұлақ» бөбекжай-бақшасы ресми түрде пайдалануға берілді. Салтанатты сәтке куә болған білім саласының ардагерлері мен ауыл тұрғындары жаңа бөбекжай-бақшаның Ойылдың жоғарғы бөлігінің тұрғындары үшін маңыздылығына ерекше тоқталды. Ал, қонақтар құттықтау сөздерінде бұл нысанның тек ғимарат емес, болашақ ұрпақтың алғашқы тәрбиесі қалыптасатын қасиетті орта екені, ел ертеңіне бағытталған маңызды инвестиция екені атап өтті. Шара барысында жүргізушілердің жүрекке жылы сөздерімен бастау алған мерекелік бағдарлама да бүлдіршіндер өз өнерлерін ортаға салып, ән шырқап, би билеп, жиналған қауымды шаттыққа бөледі. Балалардың шынайы күлкісі мен таза өнері – жаңа

балабақшаның басты мәні мен мазмұнын айқындап, барша көрерменнің көңіліне қуаныш ұялатты. Салтанатты рәсім барысында нысанды сапалы әрі уақытылы аяқтап, ел игілігіне тәбиғи «BF Элит-Құрылыс» серіктестігінің еңбегі ерекше атап өтіліп, құрылыс саласының өкілдеріне алғыс білдіріліп, олардың кәсіби жауапкершілігі мен еңбегінің нәтижесінде бүгінгі заман талабына сай жабдықталған, қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптасқаны айтылды. Ғимараттың іргетасы 2024 жылы қаланып, қысқа мерзім ішінде толық аяқталып, 150 бүлдіршінге арналған жайлы тәрбие ордасына айналды. Шараның ең әсерлі сәттерінің бірі – балабақшаның символикалық кілтін табыстау рәсімі болды. Бұл сәт – жаңа өмірдің, жаңа мүмкіндіктердің бастауы ретінде қабылданды. Сонымен қатар, ауыл ақсақалы Өтеген Сағатов ақ батасын беріп, игі іске сәттілік тілесе, ақ жаулықты ежелеріміз дәстүрге сай шашу шашып, мерекенің мәнін арттыра түсті. Бұл көрініс ұлттық құндылықтар мен ұрпақ сабақтастығының айқын белгісі болды.



ОЙЫЛДА ІРІ ЖОБАЛАР КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ЖҮЗЕГЕ АСУДА

ӨНІР БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫМЕН ӨТКЕН АПТАДА ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ҒАЛЫМЖАН ЕЛЕУОВ ПЕН АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ ҚАҺАРМАН ОРАЗАЛИН ОЙЫЛ АУДАНЫНА БАРДЫ.



Өуелі делегация Ойыл ауылына кіреберістегі көпірдің құрылыс барысын тексерді. «Тенгизстройсервис Групп» ЖШС көпірді қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізуде. Қазіргі уақытта көпір толық бөлшектелген. Сегіз тірек тұрғызылып, уақытша қозғалысты қамтамасыз ету үшін жол бөлігіне плиталар төселген. Сондай-ақ 56 арқалық орнатылып, көпірдің жұмыс бөлігі уақытша келік қозғалысына дайын. Жоба биыл толық аяқталады. Сапар барысында жауапты тұлғалар жаңадан салынып жатқан тұрғын үйлердің құрылысымен де танысты. Облыс әкімінің тапсырмасына

сәйкес мердігерлерге жұмысты сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтау міндеті қойылды. Айта кетейік, Ойыл ауылында қазіргі таңда сегіз пәтерлі екі тұрғын үй бой көтеруде. Тапсырыс беруші – аудандық сәулет және құрылыс бөлімі, ал мердігер – «Рустал» ЖШС. Құрылыс жұмыстары 2025 жылдың қазан айында басталған. Қазір үйлердің іргетастары құйылып, қабырғалары қаланған. Бір үйдің шатыры толық жабылса, екіншісінде шатырын жабу жұмыстары жалғасып жатыр. Нысандар 2026 жылдың мамыр айында тапсырылмақ.

ҚАЗАҚСТАНДА ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ САЛАСЫН КЕҢЕЙТІП ӨЗГЕРІСТЕР КҮШІНЕ ЕНДІ

2025 жылғы 17 желтоқсанда Мемлекет басшысы әкімшілік әділет саласын жетілдіруге және кеңейтуге бағытталған Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Заңның негізгі ережелері 2025 жылдың 29 желтоқсанында күшіне енді. Қабылданған өзгерістер істердің жекелеген санаттарын Азаматтық процесілік кодексінен Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне ауыстыруды көздейді және мемлекеттік органдармен дауларда азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын сот арқылы қорғаудың тиімділігін арттыруға бағытталған.

Не өзгерді?

Заңда заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің заңдылығына дау айту туралы істер, сондай-ақ мемлекеттік органдардың азаматтық хал актілерінің жазбаларына түзетулер енгізуден бас тартуына байланысты даулар әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қаралатыны белгіленген. Бұған дейін істердің осы санаттары азаматтық процесс шеңберінде қаралған болатын, бұл сот статистикасына сәйкес, қайтарылған талаптардың жоғары пайызымен қатар жүрді және азаматтардың сот қорғауына қол жеткізуін қиындатты.

Сот қорғауын күшейту

Аталған дауларды әкімшілік әділет саласына көшіру істерді қарау кезінде соттың белсенді рөлін қоса алғанда, өзге де іс жүргізу тәсілдерін қолдануға мүмкіндік береді. Бұл мән-жайларды неғұрлым толық және объективті нақтылауға және өтініш берушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды күшейтуге ықпал етеді.

заңсыз заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді не олардың жекелеген ережелерін неғұрлым жедел анықтау және жою үшін жағдай жасайды, бұл азаматтардың құқықтарының бұзылуын болдырмауға мүмкіндік береді. Заңға тәуелді актілер бойынша дау айту қалай қарастырылады?

Күшіне енген нормаларға сәйкес заңға тәуелді нормативтік құқықтық актінің күші қолданылатын азаматтар мен заңды тұлғалар, егер осы актімен олардың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылады не бұзылуы мүмкін деп есептесе, әкімшілік сотқа оның заңдылығын тексеру туралы талап қоюмен жүгінуге құқылы. Әкімшілік сот заңға тәуелді актіні қабылдаған органның немесе лауазымды адамның құзыретінің болуын, сондай-ақ оның Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестігін тексереді.

Бұл ретте, даулы актінің заңдылығын дәлелдеу міндеті оны қабылдаған мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға жүктеледі. Талап негізделген деп танылған жағдайда сот заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні толық немесе оның жекелеген бөлігінде заңға қайшы (Қазақстан Республикасының Конституциясынан басқа) деп тану туралы шешім қабылдайды.

Қабылданған өзгерістер әкімшілік әділетті дамытудағы маңызды қадам болып табылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын сотта қорғаудың неғұрлым қолжетімді, тиімді және әділеттігін қалыптастыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі

ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР | КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

2026 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАН БАСТАП ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІНДЕ КӨЛІК САЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ӨЗГЕРІСТЕР КӨЗДЕЛГЕН. АТАП АЙТҚАНДА, ЖЕҢІЛ АВТОКӨЛІКТЕР БОЙЫНША КӨЛІК САЛЫҒЫН ЕСЕПТЕУ КЕЗІНДЕ ПАЙДАЛАНУ МЕРЗІМІ 10 ЖЫЛДАН 20 ЖЫЛҒА ДЕЙІН БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА 0,7 ТҮЗЕТУ КОЭФФИЦИЕНТІ, АЛ 20 ЖЫЛДАН АСҚАН ЖАҒДАЙДА 0,5 КОЭФФИЦИЕНТІ ҚОЛДАНЫЛАДЫ.

Көлік салығы жылдың қорытындысы бойынша төленетінін ескере отырып, төмендетілген коэффициенттерді қолдана отырып есептелген салық сомасы 2026 жыл үшін 2027 жылы есептелетін болады. Сонымен қатар, қозғалтқыш көлемі 3000 текше сантиметрден асатын, 2013 жылғы 31 желтоқсаннан кейін Қазақстан Республикасында өндірілген (дайындалған немесе құрастырылған) немесе 2013 жылғы 31 желтоқсаннан кейін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген жеңіл автотөліктер үшін салық мөл-

шерлемелері алынып тасталды. Шаруа немесе фермер қожалықтары басқа да жеңілдіктерге қосымша ретінде бір шаруа немесе фермер қожалығына бір дана жүк платформасы және жүк бөлігінен қатты стационарлық қалқамен бөлінген жүргізуші кабинасы бар жеңіл моторлы көлік құралы (пикап автомобиль) бойынша көлік салығын төлеуден босатылады. Көлік құралдарының түріне (пикаптар, джиптер, лимузиндер, фургондар) байланысты көлік құралдарының санаттарына жатқызу жөніндегі нор-

ма алып тасталды, сондай-ақ көлік құралдарының санаты көлік құралын тіркеу туралы кәуәлікте көрсетілген көлік құралын басқару құқығының санатына (А, В, С, D) сәйкес айқындалатын болды. 2025 жылдың көлік салығының төлеу мерзімі Салық Кодексінің 567- бабының 2-ші тармағына сәйкес жеке тұлғалардың салық төлеуі есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 1-ші сәуірінен кешіктірлімей тұрғылықты жері бойынша бюджетке төленеді.

Ойыл аудандық мемлекеттік кірістер басқармасы

Кәмететке толмағандардың әкімшілік жауапкершілігі – құқық бұзушылықтың алдын алу мен жасөспірімдерді тәртіпке тәрбиелеудің маңызды тетіктерінің бірі. Қоғамдағы құқықтық тәртіпті сақтау әрбір азаматтың міндеті болғандықтан, бұл талап кәмететке толмағандарға да қатысты. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, әкімшілік жауапкершілікке әдетте 16 жасқа толған тұлғалар тартылады. Алайда кейбір жағдайларда құқық бұзушылық жасаған жасөспірімнің әрекетіне ата-аналары немесе заңды өкілдері де жауапты болуы мүмкін. Бұл – баланың тәрбиесіне тікелей байланысты фактор ретінде қарастырылады. Кәмететке тол-

мағандардың жиі жасайтын әкімшілік құқық бұзушылықтарына қоғамдық орындардағы тәртіпті бұзу, ұсақ бұзақылық, жол қозғалысы ережелерін сақтамау және алкоголь өнімдерін тұтыну жатады. Осындай әрекеттер үшін ескерту, айыппұл салу немесе тәрбиелік шаралар қолданылуы мүмкін. Әкімшілік жауапкершіліктің басты мақсаты – жазалау емес, тәрбиелеу. Сол себепті кәмететке толмағандарға қатысты істерді қарау барысында олардың жас ерекшеліктері, психологиялық жағдайы және әлеуметтік ортасы ескеріледі. Кей жағдайда оларға арнайы білім беру немесе түзету мекемелеріне жіберу шаралары да қолданылуы мүмкін. Со-

нымен қатар, ата-аналар мен білім беру ұйымдарының рөлі ерекше. Жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыру, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және дұрыс тәрбие беру – құқық бұзушылықтың алдын алудың негізгі жолдары. Қорытындылай келе, кәмететке толмағандардың әкімшілік жауапкершілігі қоғамдағы тәртіпті сақтауға бағытталған маңызды құрал болып табылады. Бұл жүйе жас ұрпақты заңға құрметпен қарауға үйретіп, олардың дұрыс азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

Е. АЛТЫБАЕВ,
Ойыл аудандық сот
әкімшісінің Бас маманы -
сот отырысының хатшысы.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН НЕМЕСЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІН ЖҮРГІЗУ ҮШІН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ БОЙЫНША КОНКУРСҚА ҰСЫНЫЛАТЫН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ «ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

№	Жер учаскесінің орналасқан жері, жер учаскесінің лот №	Жер учаскесі қандай мақсатқа беріледі	Жалға беру мерзімі, жыл	Жалпы ауданы, га	Алқаптардың құрамы оның ішінде				Топырақтың сапалық сипаттамасы, орташа балл бонитет	Сумен қамтылуы
					Егістік	Жайылымдық	Шабындық	Басқа жерлер		
1	Лот 1, учаске №1, Саралжын ауылдық округі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 жыл	1000,0	-	1000,0	-	-	11	қамтылмаған
2	Лот 2, учаске №1 Ойыл ауылдық округі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 жыл	252,84	-	252,84	-	-	11	қамтылмаған
3	Лот 3, учаске №1 Саралжын ауылдық округі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 жыл	1000,0	-	998,11	-	1,89	11	қамтылмаған
4	Лот 4, учаске №1 Қайыңды ауылдық округі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 жыл	1000,0	-	997,64	-	2,36	11	қамтылмаған
5	Лот 5, учаске №1 Сарбие ауылдық округі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 жыл	500,0	-	499,2	-	0,8	11	қамтылмаған
6	Лот 6, учаске №1 Қараой ауылдық округі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 жыл	289,0	-	288,0	-	1,0	11	қамтылмаған
7	Лот 7, учаске №1 Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 жыл	1000,0	-	996,89	-	3,11	11	қамтылмаған
8	Лот 8, учаске №1 Көптоғай ауылдық округі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 жыл	500,0	-	494,82	-	5,18	11	қамтылмаған
9	Лот 9, учаске №1 Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 жыл	1000,0	-	998,04	-	1,96	11	қамтылмаған
10	Лот 10, учаске №1 Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 жыл	1150,0	-	1149,8	-	0,2	11	қамтылмаған

ЕСКЕРТПЕ !!!
Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады: конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
2) конкурстық ұсыныс;
Конкурстық ұсыныста:
1) Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарының өңдеу-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жану-

арларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);
2) Шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау

жөніндегі міндеттемелер;
3) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптырау бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехно-

логияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.
Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлға-

лар үшін – бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.
Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурстық өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң, 15 (он бес) жұмыс күн аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурсқа шыға-

рылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады. Толық ақпаратты «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-нен, байланыс телефондары арқылы 8(71332) 2-18-80 алуға болады.

ИНФОРМАЦИОННОЕ ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «ОТДЕЛ ПО ЗЕМЕЛЬНЫМ ОТНОШЕНИЯМ УИЛСКОГО РАЙОНА» ОБЪЯВЛЯЕТ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) НА ЗЕМЕЛЬНЫЕ УЧАСТКИ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО НАЗНАЧЕНИЯ ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА.

№	Номер лота и место расположения земельного участка	Целевое назначение земельного участка	Срок аренды зем. участка	Площадь, га	Состав угодий в том числе				средний балл бонитет	Оснащен реками, озерами
					Пашня	Пастбища	Сенокос	Другие земли		
1	Лот 1, участок №1, Саралжинский сельский округ	Для ведения товарного сельского хозяйства	10 лет	1000,0	-	1000,0	-	-	11	Не оснащен
2	Лот 2, участок №1 Уилский сельский округ	Для ведения товарного сельского хозяйства	10 лет	252,84	-	252,84	-	-	11	Не оснащен
3	Лот 3, учаске №1 Саралжинский сельский округ	Для ведения товарного сельского хозяйства	10 лет	1000,0	-	998,11	-	1,89	11	Не оснащен
4	Лот 4, участок №1, Кайыңдинский сельский округ	Для ведения товарного сельского хозяйства	10 лет	1000,0	-	997,64	-	2,36	11	Не оснащен
5	Лот 5, участок №1 Сарбиеский сельский округ	Для ведения товарного сельского хозяйства	10 лет	500,0	-	499,2	-	0,8	11	Не оснащен
6	Лот 6, учаске №1 Караойский сельский округ	Для ведения товарного сельского хозяйства	10 лет	289,0	-	288,0	-	1,0	11	Не оснащен
7	Лот 7, участок №1 сельский округ им.Ш.Берсиева	Для ведения товарного сельского хозяйства	10 лет	1000,0	-	996,89	-	3,11	11	Не оснащен
8	Лот 8, учаске №1 Коптоғайский сельский округ	Для ведения товарного сельского хозяйства	10 лет	500,0	-	494,82	-	5,18	11	Не оснащен
9	Лот 9, участок №1 сельский округ им.Ш.Берсиева	Для ведения товарного сельского хозяйства	10 лет	1000,0	-	998,04	-	1,96	11	Не оснащен
10	Лот 10, участок №1 сельский округ им.Ш.Берсиева	Для ведения товарного сельского хозяйства	10 лет	1150,0	-	1149,8	-	0,2	11	Не оснащен

Примечание !!!
Для участия в конкурсе являющийся физическим и юридическим лицами представляет следующие документы:
1) заявка на участие в конкурсе;
2) конкурсное предложение;
В конкурсном предложении:
1) Бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания и возделывания сельскохозяйственных

культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);
2) разработка и освоение внутрихозяйственного землеустроительного проекта,

выполнение мероприятий по развитию инфраструктуры сельского хозяйства;
3) обязательства по выполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сель-

скохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агро-технологий, фитосанитарных и карантинных требований. Предложения представляются в запечатанном конверте, пронумерованном, прошитым или несмываемыми чернилами, последняя страница конкурсного предложения заверяется подписью участ-

ника – для физических лиц (или поверенного) и подписью первого руководителя (или по доверенности) и печатью (при наличии) – для юридических лиц. Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе производится по истечении 30 (тридцати) календарных дней со дня опубликования извещения о проведении конкурса, в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней. С схе-

мой размещения земельных участков, выставляемых на конкурс можно ознакомиться на интернет-ресурсе местного исполнительного органа, в информационных уголках сельских округов и районного отдела земельных отношений. Более подробную информацию можно получить в ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» по телефону 8(71332) 2-18-80

АКҚҮРЕН БАҚЫТ

Жақындық және Адамгершілік

(Әңгіме)



Трактордың оқуын бітірген соң, Мәулен екі жылдай бригадирдің көмекшісі болды. Бригадир шақырғанда, қанатын қағып құйындай ұшады кеп. Мәулен өзгерген. Алай-дүлей заман өзгертті ме, көңіш, тіл алғыш, қанағатшыл болып алған.

Қыр үстінде түйе баққан, дәулетті, мінезді Мәулен жоқ. Екі көзі ботадай, сүйкімді қызы бар. Ескі үйдің қабырғасы көктемгі селден соң қисайып, құлағалы тұр. Ауылдың еңгезердей жігіттері келіп, баған қағып тіреп кетті.

—Шөкпер үйдің қисайғаны елу жыл тұрады, қорықпаңыз, қамықпаңыздар,- деді ұста, бойшандау қара бала. Алайда сары келіншек тұңғышын — Ақмоншағын есік алдына шығара бермейді. Ақмоншақ 5-ке қарай кетті.

Ақмоншақ — мылқау. Өкенің де, шешенің де басы қатып, ыңғы-дыңғысы шығы жүр. Аудан орталығына барып, үш айдай емге апарды. Жас ата-ананың уайымы зор болды. «Әке!» деп айғайлап жүгіріп алдынан ашан шығады? Ауыл іші алақанға сыйғандай-ақ жиырма үй.

Әр төбеде — бір-бір үйдің сөнер-сөнбес әлсіз жарығы. Көбі — Ли бастықтың жері. Аудан көлемінде мұндай үлкен жер мен зәулім үй жоқ шығар?!

—Сығрайған, піте, қыли көз, бұжыр бет -деп Мәулен бір көргеннен-ақ жүрегі қобалжып, үрке қарады.

— Сиырдың көзіндегі дәу, басынан көзі үлкен екен малды. Қайдан шыққан? — деп Ли бастық, Мәулендер көшіп келгенде қыңыр қарады.

—Көрішіге жарымай қалдық қой. Қаны бұзық, кеуде көтерген, қыңыр-қысық, Құдайдан безген біреу.

Суық кісі. Ескі үйдің жылуы жоқ, қабырғасы опырылып тұр. Қабырға құлап, Ақмоншақ тұншығып қалатындай көрінеді. Кетейікші,-деп құлақ етін жеген еді сұлу, ақсары келіншегі.

Қабырға қисайып, уайымы көбейгенде, Ақмарал түс көрген. Түсінде атасының айтақаны: —Ала дорбаңды алып, елге қайт. Мәулен — аңғал. Үй құлағалы тұр. Ақмоншақ пен сенің тағдырың қыл үстінде. Мәулен қозғалмаса қалсын, сендер елге қайтындар.

Он жылдан бері көшіп келеді, әбден титығы шықты, шаршанды. Қалың түрікпеннің ішінде аз қазақ: «Тыныш жүр. Сен — қазақсың. Жан бағу керек. Ұрпақ үшін ақымақтық істеме» деп құлақтарына құйып-ақ отыр. Кіл жас шыбық болғанымен, жұлып түсер алыптар, алып-ұшып тұрған қызу жүректер.

Түрікпеннің тойына барып, сұлу Жамал, көркем Жамалға сырттай ғашық болды. Көз тастап, баққаны Жамал.

Той бітер-бітпес Алдоңғардың баласы көп түрікпеннің тағанының астында қалып, шала жансар күйде әлсіз жатты. Тойға барған бар бала төбелестің ішінде жүр.

Бірі жығылып, бірінің басы жарылып, көзі шыққан, бірі жаға жырттыққан қанды төбелеске ұласты.

Орталықтан шалғайда орналасқандықтан, сақшы да екі сағаттан соң келіп жетті.

Алаңда ыңырсып он шақты бала ғана қалды. Жеті қараңғы түн. Саусақпен санарлықтай қазақтар ақсақ-тоқсағын теріп алып кеткенімен, түрікпен жігіттер өз жігіттерін ұрып-соғып алаңға тастап, бір түрлі амал етті. Іс қозғалғанда:

— Өз жерімізде бізді ұрып-соқты, қашқындар.

—Қашып-пысып жүргендер, бандит жауыздар, қылықтары болмады-ау, - деп сөйлегенде бастарына күн туғанын, басы бөлеге шатылғанын түсінгендердей, аз қазақтың көзінен үміт сөніп барады.

—Арғы жағын тексеріңдер, үкіметке қарсы адамдардың ісі ғой бұл.

Мұндай қарсы күш қайдан шықты? Сот отырысында махабат пен қызғаныш, Жамал қыз бен жастардың ұрын-шақтығы айтылар деп отырғанда, төбеден түскендей жағдай болды. Жеті жігіт істі болып, сотталып кетті. Соққыдан есін жимай үш жігіт жындыханаға жатқызылды.

Шырайы ұрланған кейбір тонды қазақтар бар малын сатып, айылпұл төлеп, түрікпен ауылдан көшуді ойлады. Дымы құрып, Қарақалпақ жеріне бір түнде көшкеннің біреуі — тракторшы Мәулен еді.

Қабырғасы қисайған, шалғай ауылдың шеті. Ескі үй. Мәулен көшуден әбден мезі болған тұс.

—Дүниедегі жаман кісі, қыли Ли дегенің...сөзін жұтып қойды. Құдық басына суға барған сайын «сұлуысың», «Тракторшы жаман күйеуің» деп жолын кес-кестей тұрып алатын елудегі кісіден қорқатынын айта алмады.

«Тракторшы істі болар, маған қаласың ғой» деген арам жымисқы ойлы бұжыр беттің, шешек ауруынан қалған бетіндегі дағу қорқынышты еді. Күннің сәулесін, адамның жылулығын сезбеген, тезі қатты, Жаратушысынан безген, қара ниет адам.

Кең жердің иесі. Күріш егеді, он-жиырма шақты жұмысшысы бар. Күрішке мол су керек. Жер асты суының көзін ашып, суға ақша төлемей, үлкен пайда көрді. Тексерушілер бұжыр беттің жанында бес минут кідіргісі келмей, іштей: «Адам емес-ау, неткен мұздай адам», -деп кетуге ыңғайланып.

—Қағаздарды қарап шықтық. Қайтайық!-деді. Жалғыз жанына медеу кішкентай қара күшігі бар. Әуелі күшік тамақ жейді. Рахаттанып, тамақ жегеніне қарап мәз болады.

Қасқырдай аш жүру Лиға қалыпты жағдай.

Кейде бір жетідей ас жемей, кофесін ішіп жүре береді. Күш-қуатты қайдан алады, белгісіз.

Он жыл ізін суытпай әкімшілікке барып:

—Шаруашылыққа жер бер, -дейді үш-төрт беттік қағазын көрсетіп.

Кәсіпкерді қолдау керек. Қайда, кімге барды, жазып жүреді. Осы әрекеті нәтиже беріп, жылдан-жылға жер көлемі ұлғайып келеді.

Айманның күйеуі ашық тоққа түсіп, күйіп қалды. Малшының көзінің әлсіздігі де бар еді.

Ауыл адамдары су жағаласына апарып судың шетіне көмді. Зар еңіреп, қу тізесін

құшақтай, шашын тарақтап жұлып, еңірей берді. Жалғыз бала әкесінен қалған азын-аулақ малды күнұзақ бағады. Көк сиыр мен ала сиыры бар. Көбіне шешесі баланы мектепке жібермейді-ау шамасы. Үнемі малдың соңында жүргені.

Бірде, күні кеше шешесі алып берген картаға, ойынға қызығып кетіп, ала сиырынан көз жазып қалғаны. Ала сиыр құрымағыр, бастық Лидің жеріне өтіп кетіпті. Шешеден бір, жаманнан екі, аяқтары қалтырай, қорқа-қорқа Ли бастықтың жеріне кіріп, шөп көрмеген ала сиырын шығара алмай әуре-сарсаңға түскені.

—Жеріме кірдің, атаңа нәлет, жау шапқыр. Тірсегіңнен атайы,-деп Айманның жалғыз баласының оң аяғын көздеп, мылтықтың шүріппесін басып қалды.

Он жасар бала ұшып түсіп, жансыз жатты. Ала сиыр аула ішінен шығып, көлге қарай асты. Күелер арқылы айыпталып, іс сотқа кетті. Сотта Айман мен баласы айыпты болып табылды. Осы кәріс Жансұлудың сиыры егінге кірді деп, айырды сиырдың қарнына тығып алған.

Сиырдың тыпырып жатқанын көріп, адамдар шошыды. Ақырында, адамдар ауылдан көше бастады. Сотта Лидан басқасының ісі дұрыс болмай-тұғын болған соң, күдерді үзіп, «реңсіз адамнан, жаманнан аулақ отырайық» дегені еді. Мәулен де өзгерді.

—Мынауың адам емес, - деп, аз-маздан соң, сөзін аяқта дегені.

—Күзден қалмай көшерміз. Дайындала бер. Келіншегі іштей қатты қуанып «Жақсы болды ғой, түге» деп лепіріп тоқтады.

—Жет дегенде жет! - деген азар да безер хабар келген соң тракторын от алдырып, Мәулен асығыс жолға шыққан бойы.

Көз алдында бірдеме қарайып, жылт беріп, бақ етті. Трактордан түсіп қараса, қарғыс атқыр бастық Лидың күшігін басып кетіпті.

—Лидің өзі болғанда ғой. Қарғыс атқырдан құтылатын біржолға. Қайтпек керек? Жаман кісі.

Ерсілі-қарсылы өтіп жатқан көліктер көп қой. Білмес. Күшікті ағып жатқан суға лақтырып жіберді. Содан кейін үш күн ұйқы көрмеді. Түрікпенде істі болғанда да мұншалықты уайым көрмеді еді ғой.

Ли бастық Мәуленнің күшікті өлтіргенін біліп, үш күн күтті. Мәуленнің үйіндегі сұлу келін-

шекке ғашық еді.

Өтірік кешірген болып, Мәуленді жұмысқа алуды, содан соң «жұмыс үстінде ұрлық қылды» деп істі қылуды жоспарлаған болатын. Күшікке мұншалықты байланып қалғандығын өзі де сезбейді екен-ау! Үш-төрт күн Мәулен де, бастық Ли да ұйқы көрмеді. Сәрсенбі күні таңертеңгісі Мәулен бастық Лиға барды.

—Кешірерсіз, Ләке! Асығыс шығып ем. Жол үстіне шыға келіп, күшігіңдізді басып, өлтіріп қойдым. Суға кетті ағып. Мәулен жер шұқып, қара жерде қарай берді. Өттең, Байғанин ауданының жері болғанда ғой.

—Күшік табылды, табылды - деп Ли бастық рахаттанып күлді.

—Кете бер, кете бер, дороогой! Салы суға түсіп, денесін үрей билеп кетті. Қалай өлген күшік табылады? Бастық алжып кетті ме өзі?...

Қызу жұмыс. Науқан. Мақтаны пунктке жеткізіп, түн жарымда үйге келді.

Ботадай боздап, көз жасы көл болып, ағыл-тегіл жылап, екі көзі ағып түскендей болып, діңкесі құрыған сары келіншек:

—Ақмоншақ жоқ. Таңертеңнен бері Ақмоншақ жоқ. Қара жаспен тұмсығы қасқа болғандар, маңдайының соры бес елі болғандар түнімен айдың жарығымен Ақмоншақты іздеп, қызып-күйген табаны тілінді. Ли бастықтың күшігін суға лақтырғаны Мәуленнің есінен кетер емес.

—Күшіктің обалы ұрды мені, - деп Мәуленнің жаны қиналып. —Күшік қой, күшік, - деп жаны жауыздық иелеген Ли Ақмоншақты таңертеңгі уақыт таңертеңнен күшікше көтеріп алып кеткен.

Аяғын ұқалап, бетінен сүйіп, күшігін аймалағандай аймалап, екі аяғына, қылтырықтай мойынға шыңжыр кісен салып, күшігінің орнына Ақмоншақты торға салды.

Ақмоншақ жоғалған соң, есі ауып Мәуленнің келіншегі жындыханаға түсті. Ли бастықтың жері ұлғайып, тамынан ары асып өте алмай соры қайнаған Мәулендер у жұтты.

Арада жеті жыл өтіп, Ли бастық ұсталып, тергеу ісі жүріп жатты.

Ауылдың сәні кеткен, әр жерде шошайып бір-бір үй қалған. Ауыл ішінен куегер жинау қиынның-қыны. Сүйреп алып шыққандай, әрең аяқтарын

басып келеді.

—Барасындар. Бұйрық. Бітті, - деген сақшының айғайы аспанға атылған оқтай болды. Амалсыздан еріп келеді. Үлкен үйдің қорған тамы екі метрдей. Тамға жақындағанда-ақ, тамақ ашып, жөтел бұды. Ли бастықтың мұрны иіс сезбейді-ау, осы. Шошқаның саны жылдан-жылға көбейіп отыр. Қора төңірегі лас.

Жиналған адамдар кетуге асық. Жағаны жоғары тартып, ауызды жапқандай болғанымен, түшкіргендердің жағдайы ауыр.

—Ауырып қалармын-ау, - деген іштегі уайым ұлғайып барады. Қолаңса иіске көміліп қалғанда. Үлкен үй, қора-қопсы бәрі көзден өтті.

—Ли бастықтың жертелесі бар. Соған барайық, - деді сақшы.

—Ойбуй, жертелеге кірмеймін, - міңгірлей сөйлеп Бектемір.

—Ауырып тұрмын. Аяқта жан жоқ. Жертөле бір жарым метр тереңдікте қазылған, кең бөлме. Темір баспалдақпен қолдарында бір-бір қолшырақ.

Жарық әр бұрышқа түскен сайын, бөлме іші кеңейіп бара жатқандай.

Кептелген қара суық адамдардың жанын суырып алардай, қалтырап-қалшылдап түршігіп, жайсыз күйге түсті. Бригадир баспалдақтың ортасына келіп, қисайып құлап түскенде, оның қолтығынан демеп, сылтау табылғандай бірінен соң бірі кері бұрылды. Жертөлеге кіргісі жоқ.

Жертөлеге түсу — ақырған арыстанның аузына түскендей. Жарты сағаттай уақыт өтсе де, екінші рет жертөлеге түсуге жүрексініп, шегіншектей берді. Қайтадан түскен бригадир ағайдың ышқыған айғайы адамдарды орындарынан қозғап, еріксіз төмен түсіп келеді. Кең бөлменің әр тұсынан жан-жақтан түскен он шақты адамның қол шамының жарығы бөлменің әр бұрышын тінтіп, қазына іздеген қарашыдай.

Жертөле кең болғанымен, көзге түскен іліп аларлықтай дүние көрмей таң қалысты. Баспалдақ астындағы бұрышқа қол шам жарығы түскенде, жылтыраған көз. Балықшы Бектемір:

—Дәу мысық па?, - деді. Көздері жылтырап көрінген әлсіз көзге түсіп. Қорықты, жағасын ұстады. Иә, осыншама кең бөлме жалғыз мысық үшін бе? Бектемір таңданып қарай берді. Он адам жылтыраған көзге қарай жүруге дәті шыдамай, орындарынан қозғалмай тұр.

Екі көзі шамдай жанған махлұқты тағы жақындап көргенде, кейбірі шошып құлап жатты. Аяқта әл жоқ, қалтырап тұр. Жуас, қорқақ Бектемір қалшып қозғалмай қатып қалды.

—Шайтан ба, шағал ма, ит пе? Жансыз махлұқ па біле алмай дегбірі қашты. Жүрек жұтқан Алпамыс:

—Шайтан болса да, шағал болса да алып шығайын, - деп көзі жылтырағанды құшақтай алғанда, төрт бағандағы шынжыр сатыр-сұтыр сүйретіліп қозғалды.

Алпамыс жансыз, дәрменсіз, ұсқынсыз махлұқты жерге отырғызып, шынжырды қағылған қазығымен суырып алып тастағанда, махлұқтың

көзіне көзі түсіп, етпетінен құлап түсті.

—Адамның баласы ғой, - деп Алпамыс оң қолымен жер тіреп, көтеріліп жатып.

—Көзіне қарашы, нәрестенің көзі ғой.

—Ой, тоба- ай! Мұндай сұмдық көрдік пе? Көзім шықсын, көзім шыққыр. Жауыздық қой, мынау. Сорлы кім болды екен? Он адамның жүрегі әлсін-әлі соғып, амалы таусылып, бір-біріне қарады. Көзден жасы тоқтамай Алпамыс әлсіз қолын ұстап, жеп-жеңіл балақайды көтеріп алды. Жүрек соқпай, тоқтап қалғандай. Аяқ ілгері баспай, ақырын қозғалып, баспалдаққа қарай жүрді. Реңі жоқ, шидей ұзын аяғы, жансыз сүйір қолы, шашы сіресіп қатқан тезектей, кесілген томарды басқа танып тастағандай.

Жарықтық-ай, әлсіз, инеліктей дене анау бір бастағы қатқан ұйпа-тұйпа шашты қалай көтеріп тұр?! Мойыны жоқ, көрінбейді.

Он адам он қадам жүруі қиындау, ауыр жүкті арқалағандай күйде.

Жүрек-ай, нені сездің? Бұншама, баланы қолға алғанда соншама тарсылдап, не көрінді?... Он адамға қаншалықты жақындығы бар. Он кісі абайлап жүрді. Ай құлап жертөлеге түскендей, аяқтарынан күйіп. Сақшы ауданнан дәрігер шақыртып, нәрестені алып кетті.

—Бала ұрланып, не жоғалған бала болды ма?

—Ой, тобай-ай!

—Мәуленнің Ақмоншағын бір-ай іздегенбіз. 7 жыл болды-ау шамасы.

—Аллам-ай. Не дейді? Бұл бала Ақмоншағымыз болғаны ма? Зәре-құты қашып, қатып, тіл-жағы байланып, үн шықпай қалды.

Жанбыр да таусылмай шелек-теп құйып, жиналған адамдардың көзінен жасы тынбады. Көзі ағарғанша жылап, жетімнің күйін кешкен ауыл, жансыздың күйіне түскелі қаша-а-н-н!... Өлі жанды құшақтап біраз отырған адамдай, ішке үрей кіріп, жертөлеге түскендер бір жеті бақсыға барып, ем алды. Не адам, не ит емес Ақмоншақ табылды. Соры қайнаған Мәулен мұны естіп, өзін атып тастады. Мәуленнің апасы Ақмоншақты алып, Ташкент пен Самарқанд дәрігерлеріне қаратты.

—Адам болмайды, - деп кесіп айтқан соң, апасы олар ұсынған қағаздарға амалсыздан қол қойды.

Ақмоншақты қинамай, бір дәрі беріп денесін берді. Ағыл-тегіл пойыз ішінде жоқтау айтып, зорығып елге жетті ол. Өлсем елге барып өлейін. Атса атып тастап,- деп Қоңыраттан пойызға отырып, жалғыз баласын ертіп, Ақтөбеге кетті.

Ақтөбеден осылай ауып көшкенде Ғайып молданың ауылының жүзге жуық адамнан екеу жалғыз, жаяу елге қайтты.

Кеңес үкіметі тепсінген тұста, қараңғы түні тоғайда жоғалған Ғайып молданың үлкен баласы Мәуленнің басынан өткен ащы тағдыры еді.

Жаманға тап болмағайсың, жаманның аяғы сегіз ғой!...

АДЕБИПОРТАЛ.KZ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1401 дана. Тапсырыс 400 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

АЙКӨРКЕМ - ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕР

ОЙЫЛ БАЛАЛАР-ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТ МЕКТЕБІНІҢ ТАЛАНТТЫ ТӘРБИЕЛЕНУШІСІ АЙКӨРКЕМ САҒЫНОВА ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН ДЗЮДО КҮРЕСІНЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЧЕМПИОНАТЫНДА ЖОҒАРЫ ШЕБЕРЛІК ТАНЫТЫП, ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ.



Бұл – тек Айкөркемнің ғана емес, бүкіл Ойыл жұртшылығының ортақ қуанышы мен мақтанышы. Жас спортшының бұл жетістігі – табандылықтың, тынымсыз еңбектің және спортқа деген шынайы сүйіспеншіліктің айқын дәлелі. Сондай-ақ, шәкіртінің жеңісіне

жол ашқан жаттықтырушысы Азат Әлімжанұлының еңбегі де зор құрметке лайық. Айкөркемді және оның білікті бапкерін, сондай-ақ Ойыл халқын осы тарихи жетістікпен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл жеңіс – алдағы үлкен белестердің бастамасы ғана.

«ҚҰҚЫҚТЫҚ ДӘРІХАНА» АКЦИЯСЫ ӨТТІ



Ойыл ауданының прокуратурасы «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында «ҚҰҚЫҚТЫҚ ДӘРІХАНА» атты акциясын ұйымдастырды. Шараның мақсаты – тұрғындарға өзекті мәселелер бойынша тегін құқықтық көмек көрсету және құқықтық сауаттылықты арттыру. Акция барысында азамат-

тарға түрлі құқықтық мәселелер мен даулар бойынша тегін кеңес берді. Сонымен қатар іс-шараға құқық қорғау және мемлекеттік органдардың өкілдері, нотариустар, сот орындаушылары, мен адвокаттар қатысты. Азаматтар бірнеше маманнан бір мезгілде кеңес алу арқылы өз сұрақтарына жан-жақты жауап алу мүмкіндігіне ие болды.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ – ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДА 19 НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ КИІМДЕР КҮНІНЕ ОРАЙ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН «ҰЛТТЫҚ КИІМ – ҰЛТ АЙНАЛЫСЫ» АТТЫ ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРА АЯСЫНДА ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАЙ, МӘДЕНИ МҰРАСЫ НАСИХАТТАЛДЫ.

Аталған шарада Ойыл аудандық музейінің қорында сақталған ХХ ғасырдың күнді жәдігерлерінің бірі – Ойыл өңіріне тән қыз-келіншектердің кимешегі көпшілік назарына ұсынылды. Көрмеге қойылған кимешек қызыл күрең барқыттан тігіліп, ішкі жағы шытпен астарланған. Оның өңірі мен етегіне алтын түстес зер таспа айналдыра бастырылып, қазақтың серілері мен хандарының тарихынан сыр шертетін ою-өрнектермен әсемделген. Сонымен қатар, бас киім ретінде тігілген тақия зер жіптермен кестеленіп, үкі тағылып, моншақтармен безендірілгені ұлттық сән-салтанаттың айқын көрінісін айшықтай түседі.

Шара барысында ұлттық киімнің мән-маңызын дәріптеп, оның ұлт болмысындағы орнын айқындауға ерекше көңіл бөлінді. Қатысушылар қазақ халқының дәстүрлі киім үлгілері арқылы өткен тарихпен танысып, мәдени құндылықтардың сабақтастығын сезінді.

Атаулы шараға Ойыл аудандық орталық кітапханасының кітапханашысы Балнұр Қа-

лыбекқызы қатысып, өзінің өнерін ортаға салды. Ол «Наурыз аруы – 2026» номинациясын жеңіп алып, көпшіліктің ықыласына бөленді.

Шара соңында ұйымдастырушылар Балнұр Қалыбекқызын жеңісімен құттықтап, алдағы уақытта шығармашылық табыстар тіледі. Сонымен қатар, мұндай мәдени іс-шаралардың жастарды ұлттық құндылықтарды қадірлеуге, салт-дәстүрді сақтауға және оны дәріптеуге баулуда маңызы зор екені атап өтілді.

Ұлттық киім – халқымыздың тарихы мен танымының айнасы. Сондықтан осындай игі бастамалар ұлт мұрасын ұлықтап қана қоймай, жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік қасиетті қалыптастырып, ұлттық рухты асқақтатуға ықпал етері анық. Келер уақытта да осындай мазмұнды шаралар жалғасын тауып, ұлттық өнер мен мәдениетіміздің дамуына серпін береді деген сенім мол.

Айгүлім МЫРЗАБЕК,
«Ойыл аудандық орталықтан-дырылған кітапханалар жүйесі» КММ-нің жасөспірімдер өдіскері.



ЖАС КЕЛСЕ - ІСКЕ!



Қазіргі қоғамда жас ұстаз – ел болашағын қалыптастыратын маңызды тұлға. Білім мен тәрбиені ұштастыра отырып, жаңа буынды заманауи талаптарға сай тәрбиелеу – жас педагогтардың басты міндеті. Осындай жауапты жолды таңдаған, өз ісіне адал жас мамандардың бірі – Нұршат Нұртасова.

Нұршат Нұрлыбекқызы 1994 жылдың 17 мамырында Ақтөбе облысы, Ойыл ауданына қарасты Қайыңды ауылында дүниеге келген. Бала кезінен білімге құштар болып өскен ол 2012 жылы Саға мектеп-бала-бақшасын тәмамдап, сол жылы Ақтөбе Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне оқуға қабылданды. Жоғары оқу орнында «Шетел тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша білім алып, кәсіби бағыт-бағдарын айқындады.

Студенттік жылдары Нұршат Нұртасова тек теориялық біліммен шектелмей, өзін жан-жақты дамытуға ерекше мән берді. 2013–2014 жылдары халықаралық студенттер алмасу бағдарламасы аясында Қытай Халық Республикасындағы Синьцзян университетінде білім алып, шетелдік тәжірибе жинақтады. Бұл кезең оның дүниетанымын кеңейтіп, тілдік және мәдени құзыреттілігін арттыруға зор ықпал етті.

2016 жылы оқу орнын үздік дипломмен тәмамдаған жас маман өз еңбек жолын туған өлкесінде бастады.

Ақтөбе облысы Ойыл ауданындағы Ж. Жүсіблиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінде ұстаздық қызметке кірісіп, білім беру саласына тың серпінмен қадам басты. Алғашқы еңбек жолынан

бастап-ақ ол өз ісіне жауапкершілікпен қарап, оқушыларға сапалы білім беруді басты мақсат етіп қойды. Бүгінгі таңда Нұршат Нұртасованың педагогикалық еңбегі етілі 9 жылды құрайды. Осы уақыт аралығында ол кәсіби шеберлігін шындап, тәжірибесін байыта түсті. Заманауи білім беру әдістерін тиімді қолдана отырып, шәкірттердің пәнге деген қызығушылығын арттыруда табысты еңбек етіп келеді. Оның тынымсыз еңбегі мен ізденісінің нәтижесінде педагог-сарапшы санатына ие болуы – соның айқын дәлелі.

Ұстаз үшін тек білім беру жеткіліксіз, сонымен қатар оқушының тұлғалық дамуына ықпал ету маңызды. Бұл тұрғыда Нұршат Нұртасова оқушыларымен тығыз байланыс орнатып, олардың бойында жауапкершілік, ізденімпаздық, отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыруға ерекше көңіл бөледі.

Отбасы – әр адамның тірегі. Нұршат Нұртасова енегелі отбасының иесі, төрт баланың ардақты анасы. Ұстаздық қызмет пен аналық міндетті қатар алып жүру – үлкен жауапкершілік пен төзімділікті талап етеді.

Ол бүл міндеттерді үйлестіре отырып, қоғамға үлгі боларлық тұлға ретінде қалыптасып келеді.

Қорыта айтқанда, «Жас келсе – іске» деген нақыл сөздің мәнін өз еңбегімен дәлелдеп жүрген Нұршат Нұртасова – бүгінгі жас ұстаздардың жарқын бейнесі.

Жұлдыз НАЗАРОВА,
Ж.Жүсіблиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы.

НАУРЫЗ ТОЙЫНА ЖЕТІМДІ ОЙ!



Наурыз – жыл басы. Наурыз – қазақ халқының ежелден келе жатқан ұлттық мерекесі. Ұлыс күнінде сәлемдесудің қалыптасқан дәстүрі бар. Ер адамдар қос қолдасып, төс қағыстырады.

Әйелдер болса, құшақтасады, құда – құдағайлар құшақ айқастырады. Қос қолдап амандасып, төс қағыстыру – өмір тірегіміз – төсім, тіршілік көзіміз – екі қолым амандасу болсын дегені.

Наурыз күні бақай есеп, пендешілік атаулыдан тазарып, ар – ұждан алдында арылуы керек. «Ұлыс күні алдына келсе, атаңның құнын кеш», «Тас атқанға, ас ат» секілді нақылдарды өзек етіп, ағайын, дос – жаранды бір дастарханнан дәм татқызып, табыстырған, осылайша ел бірлігін күшейткен.

Бізде, батыс өңірінде, наурыздың 14-і «Ұлыстың Ұлы күні» саналады. Амал айы туады,

жаңа Күн, жаңа Ай, жаңа жыл басталады. Ұлыс күні қариялармен көрісем, батасын алсам, болашақ ұрпағыма олардың күш – қуаты дариды деген сенім бойынша, бұл күні жастар көп жасаған, бала – шағалы, шежіре қарттармен көбірек көрісуге әрекет етеді. Әр үй наурыз көже асып, әдемі киініп, бір дастарханнан дәм тартқан. Жігіттер мен бозбалалар «селт еткізер, дір еткізер» деген сыйлықтарын ұсынған.

Наурыз мейрамы жыл сайын жаңаша тойланып, ұлттық мерекеге айналып келеді. Алайда, кейбір «әттеген-ай» дейтін жайттарды айтпасам болмайды. Наурыздың 14-і – жыл басы, көрісу күні. Бұл мерекесіне, балалардың қуанышын күні.

Үлкендермен көріседі, батасын алады, ұлттық рухы жанданады. Үй – үйді аралап наурыз көже ішеді, бір – біріне,

ағайын – туысқа деген ықыластары бекемдейіп, рухани жанарады, маз – мейрам болады. Білім бөлімі бұл күнді демалыс күні, көрісу күніне айналдыратын уақыт келді. Наурыздың 14-і сәрсенбіге келсе, сол күнгі сабақты 17-сінде оқуға болады. Быыл бұл күн сенбіге келіп, балалардың қуанып, шаттанғанын көріп, балалармен бірге маз болдық. Желтоқсан басталар басталмастан «С Новым годом!» - деп шамдарын жағып, шыршаларын құрып, балаларына «С Новым годом!» деп «подарка» береді.

Ал, біздің Наурыз келгенде, «Ақ мол болсын!», «Наурыз – құт, береке екілсін!», «Наурыз құтты болсын!» т.б. тілектер неге жазылмайды? Желтоқсанда балаларға берілетін «подаркалар» неге Наурызға келгенде қысқарып қалады?! Балаларымызды қуантып, біздің Жаңа жылы-

Халқымның даналығын бойымызға дарыта мәр, Жерімнің қазынасын игілігімізге жарата көр!
Мұхтар Арын.

мыз келгенін айтып, «Наурыз сый», «Наурыз кәде» жасамасқа! Дорбаға құрт, ірімшік, айран, қымыз салып, балаларымызға сый дорба жасау қиын ба? Қашан оянамыз, еліктеуді доғаратын кез келді. «Армысың, қайырымды Күн - Ана», «Кеудесі түкті Жер – Ана, құт дарып, жарылқа!» деген тілектер жазып қойсақ, нұр – үстіне нұр болар еді.

Наурыз тойда «тентек су», ішімдіктер сатуға тыйым салу керек, әшейіндегі «штраф» салғыштар, осы кезде неге ұйықтап қалады? Наурыз тойда әйелдерге арқан тартқызу, әйелдердің қол күрестіруі жаман ырым.

Әйелдер ер адамдар соғысқа кеткенде ауылда ер адамдар қалмағанда күрескен, амалсыздан. Осы жайларды жылда ескертеміз, алайда оны «естітін» өкім жоқ. Быыл да әйелдер арқан тартып, құлап, етектері түріліп, ашылып қалып, ұятқа қалды. Келіндер желпініп, талтаң – талтаң басып, күдірейіп, сыбанып шыққанымен, 9 – сынып оқушысынан жеңіліп, мұрттай ұшып жатты.

Ұлттық мерекеді ұлтымызды ұлықтайтын ұрпақ тәрбиесіне қан жүргізетін өнегелі істерді қолға алған жөн. Ата – баба дәстүріне адал болу, оны жалғастыру – ұрпақ парызы екенін ұмытпағанымыз жөн. Қазақтың салты, дәстүрі қазаққа ғана керек. Оны ұлықтайтын да өзіміз екенін ұмытпалайық!

Саламат ШАҒАЛА,
Білім саласының ардагері.

ҚАНДАЙ ОЙЫНШЫҚТАР ҚАУІПСІЗ?

Қазіргі уақытта сауда орындарында ойыншықтардың өте үлкен ассортименті бар. Ойыншықтарды сатып алу барысында неге назар аудару қажет? Ең бастысы, ойыншық қауіпсіз, тығыз, қауіпсіз материалдан жасалған, ұсақ бөлшектері болмауы керек және оны жууға болатын материалдан жасалуы қажет. Сатып алу кезінде өндірушіге, қаптамаға, ойыншық шығаратын дыбыстарға назар аударыңыз, олар дыбыстар нәрсестені қорқытпауы тиіс.

Бүгінгі таңда Қазақстанда балаларға арналған ойыншықтарға қойылатын талаптар айқындалған, олар Кеден одағының «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентінде нақты жазылған, ол балалар мен оларға қарайтын адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау, сондай-ақ тұтынушыларды олардың мақсаты мен қауіпсіздігіне қатысты жаңылыстыратын әрекеттердің алдын алу мақсатында ойыншықтарға қойылатын талаптарды белгілейді.

Ойыншықтарда пайдаланылған материалдарды қайта өңдеу нәтижесінде алынған қайталама шикізатты қолдануға жол берілмейді.

Ойыншықтардың қорғаныш-сәндік жабыны ылғалды өңдеуге, сілекей мен тердің әсеріне төзімді болуы керек,

сұйық толтырғыштың ағып кетуіне жол берілмейді тиіс.

Ойыншықтарды таңбалау айқын, төксерілетін, анық, оңай оқылатын, төксеруге және сөйкестендіруге қол жетімді және келесі ақпаратты:

- ойыншықтың атауы; - ол дайындалған елдің атауы;
- дайындаушының, импорттаушының атауы және орналасқан жері, олармен байланыс үшін ақпарат;
- дайындаушының тауар белгісі (бар болса);
- ойыншық арналған баланың ең төменгі жасы немесе баланың жасын көрсететін пиктограмма;
- негізгі құрылымдық материал (үш жасқа дейінгі балалар үшін) (қажет болған жағдайда);
- ойыншыққа күтім жасау тәсілдері (қажет болған жағдайда);
- шығарылған күні (айы, жылы);
- қызмет ету мерзімі немесе жарамдылық мерзімі (олар орнатылған кезде);
- сақтау шарттары (қажет болған жағдайда) көрсетілуі тиіс.

Есіңізде болсын, ойыншықтар пайдалы және қауіпсіз болуы керек!

Ғ. ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.